



**«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен»  
халықаралық студенттік ғылыми-практикалық  
конференциясының  
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК  
международной студенческой научно-практической  
конференции  
«Педагогическая наука глазами студентов»**



Қостанай, 2019 ж.

Қостанай, 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

II 24

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Айдналиева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ташетов Аманжол Асқарұлы**, ғылым және халықаралық байланыстар бөлімінің бастығы, PhD докторы, психология және дефектология кафедрасының қауымдастырылған профессоры
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ермаганбетова Акбота Жаналыковна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

**II 24 ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗІМЕН  
=ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА ГЛАЗАМИ СТУДЕНТОВ. – Қостанай,  
2019. - 157 б.**

**ISBN 978-601-7934-80-4**

«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

Жинаққа «Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Мақала авторлары: магистранттар мен студенттер білім беру үрдісінің сапасын арттырудың, білім беруді жаңғыртудың өзекті мәселелерін талқылады.

Осы жинақ студенттерге және магистранттарға арналған.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

**«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ  
СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӨЗЕКТІ  
МӘСЕЛЕЛЕР**



**КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІ ҰСТАНЫМДАРЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

Амангельді Ғазиза  
ҚМПУ Педагогика және психология 4 курс студенті  
Утегенова Бибикуль Мазановна  
п.ғ.к., доцент  
Қостанай қ.  
bibi1960@mail.ru

**Аннотация**

*Өзектілігі. Мақсаты. Бұл мақалада колледж студенттерінің әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары құрастырылған. Әлеуметтік белсенді ұстанымдарды қалыптастырудың жолдары мен өзіндік ерекшеліктері, негізгі шарттары қарастырылған. Әлеуметтік ұстаным аясында студент жастардың атқаратын іс-шаралары мен әлеуметтік жоба жайында баяндалған.*

**Аннотация**

*Актуальность. Цель. В данной статье разработаны педагогические условия формирования социально-активной позиции студентов колледжа. Рассмотрены основные условия, особенности и пути формирования социально-активной позиции. В рамках социальной позиции студенты рассказывают о мероприятиях, проводимых студенческой молодежью и социальных проектах.*

**Abstract**

*Relevance. Goal. In this article pedagogical conditions of formation of socially active position of students of College are developed. The basic conditions, features and ways of formation of socially active position are considered. As part of the social position, students talk about the activities carried out by students and social projects.*

**Түйін сөздер:** *Студент, Әлеумет, әлеуметтік ұстаным, әлеуметтік сана, әлеуметтік белсенділік, әлеуметтік енжарлық, әлеуметтік көнбістік.*

**Ключевые слова:** *Студент, Социум, социальная позиция, социальное сознание, социальная активность, социальная пассивность, социальная пассивность.*

**Key words:** *Student, Society, social position, social consciousness, social activity, social passivity, social passivity.*

Қазақстан Республикасы – 2050 даму стратегиясында көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ...Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс деген болатын. Осы жолда Елбасымыз Қазақстанның болашағы жастардың қолында екенін, сапалы білім мен саналы тәрбие беруде барлық жағдай жасалатындығын, өз кезегінде жастардың жауапкершілігін сезіне білу қажеттігін үнемі айтып келеді.[1]

Яғни біздің бүгінгі жастар – мемлекеттің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақ өкілдері. Әрине, еліміздің келешектегі арайлы таңының пердесін тек белсенді, әлеуметтік ұстанымы қалыптасқан жастар ғана аша алады. Елбасы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауында «Мен сіздерге, бүгінгі жастар, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірсеңіздер», - деген сөзінің астарында үлкен құндылық, жастарға үміт артып мүмкіндік беріп жатыр. Сондықтан Қазақстанның жаңа даму кезеңі – тікелей жастардың қолында.[2]

Осы орайда «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы, келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деп данышпан Әл-Фараби атамыз айтқандай өмірдің терең мағынасын, мақсатын түсінбей тұрып, жеке тұлға болып қалыптаса алмайды деген сөзі санамызға оралады. Әл-Фараби тәрбиенің барлық мәселелерін логикамен, тәрбие мұратымен, әлеуметтік ұстанымды қалыптастырумен, білім алуымен, үйренуімен үлгілі тәжірибемен, оқумен байланыстыра бізге уағыздады.

Ал Жүсіп Баласағұнтәрбиелік дәстүрге өнеге қалдырған адам. Оның үйретуінше, адамның жетіліп қалыптасуы, оның ішінде жастар тәрбиесі – қоғамдық жағдайлардың, айнала ортаның ықпалымен, оның әсерімен тәрбие арқылы адам табиғатын туысынан – дүниеге келуімен болатын қасиеттер арқылы қалыптасады деген жолдарды «Құтты білік» еңбегінен кездестіреміз. Баласағұнның тәрбиелік тағылымы негізінен үш түрге бөлінеді. Бірінші – әрбір жеке адамның білімді болуы. Екінші – барлық байлық молшылық – ол үшін еңбек, кәсіп, адалдық, тазалық қажет деген. Үшінші – әлеуметтік, табиғи күштілік – ол үшін бірлік, достық, бостандық, әлеуметтік ұстаным керек деген болатын.[3] Жүсіп Баласағұн тәрбиелік тағылымның үш түрін айқындап берсе, қазақ ағартушы демократы, қазақ халқының ұлы ақыны, ұлтымыздың рухани мақтанышы Абай атамыз жастарды тәрбиелеуде жастардың тікелей сана-сезімін қалыптастыруда қоғамның маңызы зор екенін түсіндіре білді. Адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. [4] Абай атамыз жастардың тәрбиелік мәселелерін көре отырып, адамның мінезін түзетуге болатынын сол арқылы жастар бойына дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған еліне деген сүйіспеншілік пен ерлік, табандылық пен адалдық, парасаттылық пен сыпайылық, өмірлік ұстаным меназаматтық борыш және адамдарға қайырымдылықпен қарау, еңбексүйгіштік, жарқын өмірге белсене ұмтылушылық т.б қасиеттерді атап көрсетті. Абай атамыздың «Сен де - бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» деген сөзімен түйіндей келе, қазіргі мына қоғамда өз орнын таппай жүрген жастарымыздың мәселелеріне тоқталсақ.

Жастарды әлеуметтендіру мәселелері қазіргі қоғамда өте өзекті. Жастарды әлеуметтендіру процесі – бұл жастарды қоғамдық пайдалы өмірге тартудың басты тетігі. Қоғамдық дамуға жас ұрпақтың қатысу мәселесі – бұл ел дамуының қарқыны, оның сипатымен сапасының мәселесі. Сапалы білім алудың, азаматтық тәрбие мен азаматтық құндылықтарының өмірлік ұстанымның тұрақсыздануы, әлеуметтік ұстанымдарының, әлеуметтік мәртебесінің, әлеуметтік белсенділіктерінің төмендеуі бұл - өскелең ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеуге, азаматтық бірегейлікті дамытуға тәрбиенің аздығынан, рухани жан-дүниесінің жаңғырмауына тікелей байланысты болмақ. Мектеп оқушыларының арасында және өскелең ұрпақтың соның ішінде жастардың адамгершілік-рухани қасиетін – азаматтық тәрбиені, әлеуметтік ұстанымды қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы мәселелер көбіне елдің дамуы мен оның келешегі болашақ жастарға өз әсерін тигізіп отыр.

Жастардың әлеуметтік-мәселелері жалпы қоғамның әлеуметтік – экономикалық мәселелерінің көрінісі мен жалғасы болып табылады. Бұл қоғамның өмір тіршілігі және де, жастар үшін өмірлік маңызды, халықтың ерекше әлеуметтік – демографиялық топтың

мәселелері, жас ұрпақтардың және олардың жігерін ғана емес сонымен қатар қоғам және мемлекеттің дәрежесін де төмендетеді. Қоғамның әлеуметтік құрылымында жастардың алатын орны мен атқаратын қызметінің, рухани-адамгершілік тәрбиесінің, әлеуметтік ұстанымы мен әлеуметтік белсенділігін арттыруға байланысты атқарылып жатқан жұмыстардың нақты жүйеленбеуіне де тікелей байланысты. Осы жағдайдан орын алған қазіргі заманғы білім беру үрдісінің алдында тұрған басты мақсат – жан – жақты дамыған «тұлғаның әлеуметтік ұстанымын қалыптастыру» мақаланың өзектілігінің ауқымды екенін айқындайды.

Қазірге таңда колледж студенттерінің ғана емес жалпы жастардың мәселесі әлеуметтік ортаға бейімделе алмауынан олардың әлеуметтік ұстаным, әлеуметтік белсендігі жойылып бара жатыр. Осы орайда «әлеуметтік ұстаным» және оған қатысты ұғымды зерттеп, зерделесек.

Әлеумет – (лат. socium – ортақ) – әлдебір мәнді қарым-қатынастағы студенттердің өмір сүру жағдайларының бірлігімен сипатталатын тұрақты да үлкен қауым. Олардың әлеуметтік мәдениеті де ортақ болады. Әлеуметтің ең жоғары түрі әлеуметтік жүйе ретіндегі қоғам болғандықтан студент жастар осы қоғамда өзіндік әлеуметтік белсенді ұстанымын дұрыс әрі нақты қалыптастыруы керек. Ал ендеше әлеумет ұғымынан шығатын әлеуметтік ұстаным дегеніміз не? Осы ұғымды ашып алсақ.

Әлеуметтік ұстаным – (әлеуметтік позиция) – 1 (индивидтің немесе әлеуметтік топтың әлеуметтік құрылымындағы орны, жағдайы мен мәртебесі (статусы); 2) жеке тұлғаның әлеуметтік болмысы, өз тіршілік әрекетіне байланысты көзқарасы мен мақсаты. Осыған сәйкес қарасақ қоғамымыздағы жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың әлеуметтік ұстанымдарын бағалауға болады. Әлеуметтану ғылымында мұндай баға әлеуметтік белсенділікті, әлеуметтік енжарлық, әлеуметтік көнбістік ұғымдарымен ажыратылады

Әлеуметтік енжарлық – ол өндіріс тәсілін жетілдіруден шет қалдыратын, қоғамдық бірлестікті нығайтуға тікелей араластырмай, салғырттыққа бой алдырып, қауымдастықты өзін-өзі басқарудан сырттататын тобырлық мінез құлық, тарихи қажеттілікті, кезең мен мезгіл талаптарын дұрыс ұқпай, қоғамдық заңдылықтың қалпын, өркениеттілік өресін аңдатпай, адамды әміршілдік жетегіне матайтын келеңсіз қасиет көрінісі болып табылады. Міне осы қасиеттер қазіргі студенттердің бойында жоқшылық емес, қоғамдық ортада мақсат-мұратына жетуге кедергі жасайтын, салғырттыққа әкелетін қасиет ол енжарлық. Осыдан соң өзіндік шешім қабылдауға қабілетсіздік келіп туындайды. Студент жастардың белсенді бастамаларының тағдыры осы бір енжарлықтың әсерінен жойылып кетеді.

Әлеуметтік көнбістік – бұл қоғамдағы көзқарастарды, дәстүрлерді, насихат сөздерді ақиқат ретінде қабылдап, мойындап, соларға сәйкес іс-әрекет ету. Көптеген жағдайларда әлеуметтік көнбістік дегенге жігерсіздік, ездік, немқұрайлық жатады. Әлеуметтік ұстанымның орнауына кері әсерін тигізетін әлеуметтік енжарлық пен әлеуметтік көнбістік қасиеттерін жойып отырсақ, студент жастардың бойында әлеуметтік белсенді ұстанымдары қалыптасқан болар еді.[5]

Әлеуметтік позиция – әлеуметтік құрылымдар, топтар мен ұйымдардың қармағында және қоғамдық еңбекті бөлу жүйесінде студент жастардың алатын орны мен ерекшелігі.

Әлеуметтік өмірлік ұстанымын белсенді қалыптастыру туралы айтылған ой-пікірлер отандық ғалымдарымыздың пікірлерінде көрініс табады.

Т.Тәжібаев өз еңбегінде: “Жеке адам әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекетті жүзеге асырушы, нақты қоғамның мүшесі, өзін басқалардан ажырата білетін, өзінің кім екенін түсінетін есі кірген ересек кісі” - деп тұжырымдайды.


Ә. Алдамұратов еңбегінде: “Жеке тұлға - қоғам мүшесі ретіндегі адам. Әр адамның рухани байлығы оның басқа адамдармен байланысының алуан түрлігіне, өмірге белсене қатысуына байланысты әлеуметтік ұстанымдары қалыптасады”, - деп тұжырымдайды.

Республикамызға танымал ғалымдарымыздың бірі Қ.Б. Жарықбаев: “Жеке тұлға - қоғам мүшесі ретіндегі адам. Әр адамның рухани байлығы оның басқа адамдармен

байланысының алуан түрлігіне, өмірге белсене қатысуына байланысты әлеуметтік ұстанымдары қалыптасады”, - деп тұжырымдайды.[6] Ғалымдардың ой-пікірлерінен шығаратын түйін: Жеке адам ол тек жеке адам болып қана қоймай, нақты қоғам мүшесі ретінде өзін саналы адам ретінде қалыптастыруы тиіс. Үнемі ізденіс үстінде өзін-өзі жетілдіру барысында, тоқтаусыз еңбектің арқасында алған білімнің нәтижесі, жастарға әлеуметтік белсенді ұстанымының қалыптасуының мәніне ықпал етеді.

Жоғарыдағы кестеде жеке адамға ненің маңызды, ненің маңызсыз екенін, нені құптап, нені құптамайтынын, өмірлік қағидасын, ұстанатын мәдениетін анық ажырата аламыз.[7]

Кесте – 2. «Мен» жүйесі Әлеуметтік ұстаным бағыты бойынша:




Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, тұжырым жасап өтсек жалпы жеке адамның қалыптасуына тікелей оның тәрбиесімен қатар әлеуметтік ұстанымы қалыптасады. Әрбір жеке адам тұлға болып қалыптасу үшін туылғаннан бастап тұқымқуалаушылық қасиеттерімен қатар ортасы, отбасында көрген тәрбиесі мұның

барлығы баланың белсенділігіне, дамуына әсер етеді. Сонымен қатар баланың дамуына жас және жеке басындағы даралық, дербес ерекшеліктері мінез - құлқындағы жеке дара қасиеттері әсер етеді.

Бүгінгі жастардың бейнесі бәсекеге қабілетті, жарқын жүзді, білімге құштар, арнамысы мен рухы биік, тарихына таныммен, құрметпен қарайтын, еліне жаны ашитын адамгершілігі мол, әлеуметтік белсенді ұстанымы қалыптасқан жан болуы тиіс. Студент (лат. *studens* — бір нәрсеге ұмтылушы, бір нәрсеге қызығушы) — жоғары оқу орнында (институт, университет, колледж т.б.) оқып білім алушы, қоғамға бейімделуші айналысушы тұлға. Студенттің өзіндік стилі – жұмыс тәжірибесінде қалыптасқан педагогикалық шеберлігіне тән қасиеттер. Он төрт жастан жиырма тоғыз жас аралығындағы әлеуметтік жағынан, адамның бойындағы әлеуметтік сапалар мен әлеуметтік ұстанымдар, өзінің дара ерекшеліктері бар нақты адам. Студент жастардың тұлғасы - әлеуметтік ұстанымды қалыптастырудың ең негізгі жолы болып табылады.

Кесте – 3. Студенттің моделі:



Біздің жұмысымыз М. Н.Скаткиннің берілген анықтамасына жақын келеді. Ол «педагогикалық шарттар» дегеніміз-зерттеу объектісі болып отырған феноменнің қалыптасуына маңызды әсер ететін педагогикалық үдерістің сыртқы факторларының жиынтығы», - [8] деп көрсетеді.

Сонымен, колледж жағдайында студенттердің әлеуметтік ұстанымын қалыптастырудың педагогикалық шарттары- оқу үдерісінде және дәрісханадан тыс жұмыстарда студенттердің танып, білуіне, сол арқылы әлеуметтік ортада бейімділігі мен белсенділігінің артуымен қоса әлеуметтік өмірлік ұстанымының қалыптасуына жағдай туғызу.

Кесте – 4. Студент жастардың әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары.

**Студент жастардың әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастырудың негізгі педагогикалық шарттары:**

1-шарт	2-шарт
Студенттің бойына қалыптасқан әлеуметтік қасиеттері мен олардың құндылықтарын аша отырып, әлеуметтік белсенділіктерін арттырып, колледж студенттерін зерттеу, диагностикалау.	Әлеуметтік жоба жасау арқылы колледж студенттерінің әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастыру, педагогикалық ынталандыру, жағымды ықпал ету, жағдай жасау.

Бірінші шарт бойынша біз студент жастардың әлеуметтік бейімделу деңгейлерін анықтап аламыз, ал ендігі атқарылатын жұмыс екінші шарты бойынша әлеуметтік белсенділігі қалыптаспаған, бейімділігі төмен студенттермен жұмыс жасау барысында жағымды ықпал ету. Біз ұйымдастырған әлеуметтік жобаны іске асыруды жалғастыру.

Студенттердің әлеуметтік бейімделуін, мына әдістемелер арқылы анықтап алған болатынбыз. Олар:

1. Бақылау әдісі (табиғи жағдайда)
2. «Әлеуметтік-психологиялық бейімделу сауалнамасы» К.Роджерс, Р.Даймонд
3. «Мен кімін» әдістемесі М.Кун, Т.Макпартленд
4. Құндылықтық бағдарларды оқыту әдістемесі (МИЦО)
5. Сауалнама (авторлық) жүргізу

Жалпы нәтижесінде 1-2 курс колледж студенттерінен алғашқы сауалнама жүргізгенімізде, студенттердің бойында «әлеуметтік ұстанымның қалыптасу» деңгейлерінің көрсеткіші 20% төмен, «әлеуметтік ортаға бейімделуі қиын» 50% орташа, «өз мамандықтарына қызығушылығы жоқ, әлеуметтік ортаға бейімделе алмаған» 10 % жоғары екендігін байқадық. Сауалнамаға қатысқан студенттердің 8-ден 1 бөлігінде ғана әлеуметтік ұстаным қалыптасу деңгейі қалыпты дәрежеде екенін көреміз.

Сауалнаманың нәтижесінен де студент жастарға әлеуметтік ұстанымды қалыптастыруға әлі де болса көмек қолдау керек екенін көреміз.

Студенттердің бойында әлеуметтік ұстаным қалыптастыру мәселелерін зерделеуді және оларды терең түйсінуді, жан-жақты дамыған, әлеуметтік ұстанымы қалыптасқан жастардың белсенділігі артқан сәтте ғана және оларды іс жүзінде сынақтан өткізу арқылы ғана оң нәтижеге қол жеткізе аламыз. Оң нәтижеге қол жеткізу үшін біз ұйымдастырған әлеуметтік жоба құрылымымен таныстырып өтсек.

Әлеуметтік жоба – нақты бір шешімін табуы тиіс әлеуметтік мәселеге жұрт назарын аудара отырып нақты бағытта көппен бірге жасалатын жұмыс нәтижесі. Оның шешімі нақты бір өңірдегі, аймақтағы, облыстағы, қоғамдағы жағдайдың жақсаруына әкелуі мүмкін.

Әлеуметтік жоба – күрделі адамның еңбекпен атқаратын қызметі, бірақ көбінесе қоғамның белгілі бір мәселелерін шешуге, оның өзгеруіне және өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған қоғамдық қорлар, қауымдастықтар, қоғамдар тобы. Мәселелер әртүрлі болуы мүмкін, кез-келген мәселені шешуге бағытталған игі бастамалардың бірегейі.

Әлеуметтік жоба құрудың басты мақсаты – қоғамның дамуы.

Біз бастаған әлеуметтік жобаны іске асыру барысында студент жастардың әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастыруға тырыстық, бейімделулеріне аз да болса өз үлесімізді қостық. Сонымен қоса әлеуметтік жобаның арқасында оларға әлеуметтік жағынан жағымды ықпал ете отырып, жағдай жасадық. Әлеуметтік жоба – студент жастардың ой түпкірінде жатқан игі басмаларына, идея мен жеке көзқарастарын іске асыруға мүмкіндік беретін сара жол. Осы екі шартты іске асыру студент жастар қоғамдық ұйымының бір бөлігі (субъектілері) болып табылатын түрлі қоғамдастықтардың қызметіне қатысуын көздейді.

Егеменді еліміздің ертеңі «Сендер, Тәуелсіз Қазақ елінің білімді жастары, өз соқпақтарыңды салып, оны елді дамуға бастайтын даңғылға айналдыруға тиіссіндер, елдік пен Тәуелсіздіктің Киелі көк Туын ХХІ ғасырда асқақтата желбірететін – жастар, сендер боласыңдар!» - деген Елбасымыздың тағы бір тұжырымдамасынан жастарға үлкен сенім артқанын аңғаруымызға болады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев тағы бір сөзінде «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты 15 – қазандағы Жолдауында: «Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын» - деп атап өтті. Міне бір жылдың ішінде жастар жылы ресми түрде басталды. Елбасының сөзіне сүйене отырып, жастар —



келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш-жігерімен өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктерін алу қажет деген пікірге келеміз. Ол ХХІ ғасырда Жаңа Қазақстанның — дамыған, бәсекеге қабілетті және әлемдегі сыйлы мемлекетті қалыптастыруды белсенді жастар жалғастыруы қажет деп жастарға сенім артты.

Бүгінгі жастар - бұл болашақтың мәңгі қозғалтқыш күші. Жастардың әлеуметтік ұстанымы әлеуметтік белсенділікке ұласқан, жеке тұлғалық көзқарасы қалыптасқан, азаматтық ұстанымы, түсініктері, дүниетанымдық, рухани, моральдық, адамгершілік қасиеттерін айқындалған және өзіндік қоғамға деген қатынасынан заманауи жан-жақты, бәсекеге қабілетті көшбасшы жастардың қолында. Сенім артқан биылғы жастар жылында – мына біздер, еліміздің болашағы үшін, табысты да келешегі зор, нық қадамдар жасап, артқан сенімді – еңбекпен, қайсарлықпен, абыроймен атқарайық дегім келеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әлеуметтану теориясы 10 - басылым Джордж Ритцер Джеффри Степницки.
2. Жастардың әдеби-мәдени, қоғамдық-саяси журналы: Үркер №1 (125) қаңтар 2019 47бет, 43б.
3. Баласағұнтану: «Құтты білік» дастанының қазіргі жаһандану үдерісімен үндестігі. Ұжымдық монография / Жалпы ред. басқ. Көшербаева А.Н. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2016. – 232 бет.
4. Абай Құнанбаев Энциклопедия. – А., 1995- 720 бет.
5. Биекенов К., Садыров М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік – Словарь, 2007. – 344 бет.
6. Жарықбаев Қ, қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: (Оқу құралы) .- Алматы, «Санат», 1995 – 352 бет.
7. Майерс Д., Туенж Ж. Әлеуметтік психология. 12-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. -648 бет. 49-54бб.
8. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2017-508бет

### **ЗАМАНАУИ САБАҚТАРДА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ**

Әнуарбек Әйгерім Жалғасбекқызы  
Химия мамандығының 2 курс студенті  
Ермаганбетова Акбота Жаналыковна  
г.ғ.м., педагогика кафедрасының оқытушысы,  
Қостанай қ.  
bota.samenova@mail.ru

#### **Аннотация**

*Өзектілігі. Мақсаты. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі бастыміндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі мақсаты жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу жүйесінде жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады.*

#### **Аннотация**

*Актуальность. Цель. Одной из основных задач Республики Казахстан в области является углубление образования молодежи. И его основной целью является внедрение*

## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сөз.....	3
<i>Бережнова Е.В.</i> Система заданий по реализации принципа перехода от обучения к самообучению в профессиональной подготовке магистрантов.....	4

### СЕКЦИЯ 1. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»

<i>Амангельді Ф., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....	10
<i>Әнуарбек Ә. Ж., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи сабақтарда белсенді оқыту стратегияларын пайдалану жолдары.....	16
<i>Бектаева Ә. Б., Утегенова Б. М.</i> Мектепте топтық жұмысты ұйымдастырудың психологиялық- педагогикалық шарттары.....	21
<i>Едрес Т. Н., Ермаганбетова А. Ж.</i> «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде студенттердің ғылыми ізденістеріндегі педагогикадағы өзекті мәселелер.....	25
<i>Жаппар А. С., Хамзина К. Б.</i> Ата-аналардың өлшемді бағалау жүйесін қабылдауы.....	28
<i>Қуаныш А., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің көшбасшылық қасиеттерін педагогика сабақтарында қалыптастыру жолдары.....	31
<i>Макатова А., Қалиев Д. Д.</i> Балаларды әлеуметтендіру мақсатында ақпараттық және коммуникациялық технологияларын пайдалану (акт).....	35
<i>Нұркелді П., Аканбаев Б. Н.</i> Ақпараттық коммуникативтік технологиялардың оқушы денсаулығына оқушы денсаулығына әсерін төмендету жолдары.....	39
<i>Сағындық С. Д., Утегенова Б. М.</i> колледж студенттерінің әлеуметтік бейімделуін педагогикалық басқару жолдары.....	43
<i>Сартаев Р., Қалиев Д. Д.</i> Оқушылардың бос уақытын шығармашылыққа пайдалану.....	47
<i>Сулейменова Г. А., Хамзина К. Б.</i> Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәні сабақтарында үштілділікті пайдаланудың өзектілігі.....	50

### СЕКЦИЯ 2. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

<i>Жаналинова С. А., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи мектептердегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру: назарбаев зияткерлік мектептері тәжірибесінен.....	54
<i>Қайырғали Н., Қалиев Д. Д.</i> «Өз бағытынды тап» бағдарламасы кәсіби бағдарлаудың формасы ретінде.....	57
<i>Қуанышбекова Н., Утегенова Б. М.</i> «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша колледж студенттерінің әлеуметтік жоба құруға педагогикалық қолдау.....	60
<i>Нуржигитова М. Қ., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттеріне патриоттыққа тәрбиелеуде “Туған жер” атты ұлттық бағдарламаның іске асыру жолдары.....	65
<i>Сәбитбек Ж., Шалгимбекова А. Б.</i> Отбасы – әлеуметтендіру үдерісінің жетекші институты.....	70

Умарова Г. С., Жоломанова М. Қ., Хамзина К. Б. Бүгінгі жастардың отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүр мектебін сақтау мәселелері..... 76

### СЕКЦИЯ 3. «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ В СТУДЕНЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ»

<i>Абдрахманова А.Б., Басанова Ж. М., Иванова Е. Н.</i> Тематический классный час как одна из эффективных форм реализации программы воспитания школьников.....	79
<i>Ажмолдаева М. Д., Иванова Е. Н.</i> Некоторые направления работы социального педагога с семьей, воспитывающей «особого ребенка».....	83
<i>Алимгасинова Г., Лантух Я., Заяц М., Мнайдарова С.С.</i> Портфолио учителя как показатель роста профессиональной компетентности.....	88
<i>Вайленко М. Е., Дзыгало М. А., Бондарь Л. А., Мнайдарова С.С.</i> Технологический подход в обучении.....	94
<i>Вишняк В. В., Иванова Е. Н.</i> Взаимодействие семьи и школы в формировании активной педагогической позиции родителей.....	100
<i>Вишняк В.В., Горбачёва О.С., Мнайдарова С.С.</i> Модель образовательной системы в контексте компетентного подхода к образованию.....	103
<i>Горбачёва О. С., Иванова Е. Н.</i> Некоторые формы реализации направлений воспитания по формированию системы ценностей старших школьников.....	109
<i>Дордый И. О., Кияшко И. А., Молокова А. А., Мнайдарова С.С.</i> Роль лидерства в педагогическом менеджменте.....	113
<i>Жуматова Д. С., Бекенова А. К.</i> Применение информационных технологий как средства интенсификации процесса обучения в вузе.....	120
<i>Жусупбекова Г., Медведок С., Кулагина С., Мнайдарова С.С.</i> Конфликт как явление и феномен социальной сферы жизнедеятельности человека.....	126
<i>Идрисова А. М., Бекенова А. К.</i> Актуальные проблемы педагогики в студенческих исследованиях.....	136
<i>Маусынбаева Д. С., Амединова Ж. О., Мнайдарова С.С.</i> Роль молодежных общественных организаций в казахстане.....	139
<i>Моркель Е. А., Равинская В. А., Фирсова П. А., Мнайдарова С.С.</i> Управление инновациями в современной школе.....	141
<i>Швецов А, С., Самохина И. А., Мнайдарова С.С.</i> Особенности экологического воспитания студентов.....	146
Конференция тұжырымдамасы.....	151
Резолюция конференции.....	153